

Отбасы үлгісіндегі балалар ауылы және жасөспірімдер үйлері туралы

Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 13 желтоқсандағы № 113 Заңы.

МАЗМҰНЫ

Ескерту. Тақырып бойынша орыс тіліндегі мәтінге түзету енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді - ҚР 2011.12.26 № 517-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Ескерту. Бұкіл мәтін бойынша:

"Жасөспірімдер үйлерінің", "Жасөспірімдер үйлерінде", "Жасөспірімдер үйлері", "Жасөспірімдер үйлерін", "Жасөспірімдер үйлерінен", "Жасөспірімдер үйлеріне" деген сөздер тиісінше "жасөспірімдер үйлерінің", "жасөспірімдер үйлерінде", "жасөспірімдер үйлері", "жасөспірімдер үйлерін", "жасөспірімдер үйлерінен", "жасөспірімдер үйлеріне" деген сөздермен;

"18 жасқа", "жасы 23-ке", "23 жасқа", "16 жастан", "18 жастан" деген сөздер тиісінше "он сегіз жасқа", "жиырма үш жасқа", "он алты жастан", "он сегіз жастан" деген сөздермен;

орыс тіліндегі мәтінге түзету енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

"білім беру мәселелері жөніндегі уәкілетті орган", "Білім беру мәселелері жөніндегі уәкілетті орган", "уәкілетті білім беру органды", "Білім беру мәселелері жөніндегі саласындағы уәкілетті орган", "Білім беру саласындағы уәкілетті орган", "білім беру саласындағы уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР 2011.12.26 № 517-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Ескерту. Бұкіл мәтін бойынша "тәрбиеленуші-балалардың", "тәрбиеленуші балалар", "тәрбиеленуші балалар (тәрбиеленушілер)", "тәрбиеленуші балалардың", "тәрбиеленуші балаға", "Тәрбиеленуші-балалардың", "тәрбиеленуші-балаларына", "Тәрбиеленуші-балаларға", "Тәрбиеленуші-балалар", "Тәрбиеленуші-балаларды", "тәрбиеленуші-балалар" деген сөздер тиісінше "тәрбиеленушілердің", "тәрбиеленушілер", "тәрбиеленушілер", "тәрбиеленушілердің", "тәрбиеленушілердің", "тәрбиеленушілер", "тәрбиеленушілерге", "Тәрбиеленушілер", "Тәрбиеленушілерді", "тәрбиеленушілер" деген сөздермен ауыстырылды – ҚР 30.12.2024 № 148-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Осы Заң жетім балалар мен ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалардың отбасында тұрып, тәрбиелену құқықтарын қанағаттандыру, сондай-ақ оларға имандылық-рухани,

енбек тәрбиесі мен білім беруді жан-жақты қамтамасыз ету мақсатында құрылатын отбасы үлгісіндегі балалар ауылдарының және жасөспірімдер үйлерінің құқықтық жағдайын айқындайды.

1-тапау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Осы Заңмен реттелетін қатынастар

1. Осы Заң жетім балалар мен ата-ана қамқорлығының қалған балалардың отбасы үлгісіндегі балалар ауылдары мен жасөспірімдер үйлерінде бағып-күтілуіне, тәрбиеленуіне, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білім берумен қамтамасыз етілуіне байланысты туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейді.

2. Осы Заңмен реттелмеген қатынастарға өзге нормативтік құқықтық актілердің нормалары қолданылады.

Ескерту. 1-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2007.07.27 № 320 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

2-бап. Қазақстан Республикасының отбасы үлгісіндегі балалар ауылдары және жасөспірімдер үйлерітіралы заңдары

1. Қазақстан Республикасының отбасы үлгісіндегі балалар ауылдарында және жасөспірімдер үйлерінде тәрбиеленушілердің бағып-күтілуін, тәрбиеленуін, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білім берумен қамтамасыз етілуін реттейтін заңдары Қазақстан Республикасының Конституациясына негізделеді және осы Заң мен өзге де нормативтік құқықтық актілерден тұрады.

2. Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттар осы Заңдан басым болады және халықаралық шартқа орай оның қолданылуы үшін Қазақстан Республикасының Заңын шығару талап етілетін жағдайлардан басқа реттерде тікелей қолданылады.

Ескерту. 2-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2007.07.27 № 320 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

3-бап. Осы Заңның негізгі мақсаттары, қағидаттары мен міндеттері

Ескерту. 3-баптың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР 30.12.2024 № 148-VIII (алғашқы реңми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1. Осы Заңның негізгі мақсаттары жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығының қалған балалардың отбасында ортада тұруы және тәрбиеленуі үшін жағдай жасауға бағытталған отбасы үлгісіндегі балалар ауылы мен жасөспірімдер үйлерінің құқықтық жағдайын айқындау, сондай-ақ олардың мәртебесін бекіту болып табылады.

1-1. Осы Заң мынадай негізгі қағидаттарға негізделеді:

- 1) ізгілік;
- 2) әділеттілік;
- 3) жеке адамның еркін дамуы;
- 4) тәрбиеленушілердің құқықтары мен заңды мұдделерін басымдылықпен қорғау;
- 5) балалар ауылы мен жасөспірімдер үйлері отбасы мүшелерінің өзара көмек және қолдау көрсетуі.

2. Осы Заң балалар үйлерін кезең-кезеңімен балалар ауылдарына айналдыруға және елде отбасы үлгісіндегі балалар ауылдары мен жасөспірімдер үйлерін құруға бағытталған, олардың қызметі мынадай негізгі міндеттердің орындалуын қамтамасыз етуге тиіс:

- 1) тәрбиеленушілердің бағып-күтілуі, тәрбиеленуі, олардың бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білім алуды үшін, соның ішінде олардың дене бітімі, психикалық, имандылық және рухани дамуына әсер ететін жағдайлар жасау;
- 2) тәрбиеленушілердің әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ету;
- 3) тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтауды қамтамасыз ету, олардың психофизикалық жай-күйін нығайту және профилактикалық шаралар жүргізу;
- 4) тәрбиеленушілерге еңбек ету дағдыларын сініру, еңбекрыногында талап етілетін кәсіптерге оқытып-үйрету;
- 5) тәрбиеленушілерге болашақ кәсібін дұрыс тандауға және жұмысқа орналасуына жәрдемдесу.

Ескеरту. 3-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2007.07.27 № 320 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 2011.12.26 № 517-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 30.12.2024 № 148-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

2-тарау. БАЛАЛАР АУЫЛЫ ТӘРБИЕLENUШІLERІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

4-бап. Балалар ауылда тәрбиеленушілер

Ескерту. Тақырыпқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.12.26 № 517-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Балалар ауылда тәрбиеленушілер:

- 1) жетім балалар - ата-анасының екеуі де немесе жалғызлікті шешесі (әкесі) қайтыс болған он сегіз жасқа дейінгі балалар;
- 2) ата-аналарының қамқорлығының қалған балалар - ата-аналарының ата-ана құқығы шектелуіне немесе ата-ана құқығынан айырылуына, ата-аналары хабар-ошарсыз кеткен деп танылуына, олар қайтыс болған деп жариялануына, іс-әрекетке қабілетсіз (іс-әрекет қабілеті шектеулі) деп танылуына, ата-аналарының бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп жүргуіне, ата-аналарының балаларын тәрбиелеуден немесе олардың құқықтары мен мұдделерін қорғаудан жалтаруына,

соның ішінде ата-аналардың тәрбиелеу немесе емдеу мекемелерінен өз балаларын алудан бас тартуына байланысты, сондай-ақ ата-ана қамқорлығы болмауының өзге де жағдайларында жалғызілікті шешесінің (әкесінің) немесе ата-анасының екеуінің де қамқорлығының қалған он сегіз жасқа дейінгі балалар.

Ескерту. 4-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.12.26 № 517-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

5-бап. Тәрбиеленушінің балалар ауылы отбасында тұру және тәрбиелену құқығы

1. Эрбір тәрбиеленуші өзі он сегіз жасқа толғанға дейін балалар ауылы отбасында тұруға және тәрбиеленуге құқылы.

2. Тәрбиеленушінің:

- 1) өзінің адамдық қадір-қасиетінің құрметтелуіне;
- 2) тәрбиеші-ана тараپынан қамқорлық көруіне және онымен бірге тұруға құқығы бар.

3) алып тасталды - ҚР 2011.12.26 N 517-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Ескерту. 5-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.12.26 N 517-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

6-бап. Тәрбиеленушінің өз пікірін білдіру құқығы

1. Тәрбиеленуші отбасында өзінің мұдделеріне қатысты кез келген мәселені шешу кезінде өз пікірін білдіруге құқылы.

2. Тәрбиеленуші өзінің құқықтары мен занды мұдделеріне қатысты кез келген сот ісін немесе әкімшілік істі қарау барысында сөзін тындалуға құқылы.

Жасы онға толған тәрбиеленуші пікірінің, бұл оның мұдделеріне қайшы келетін реттерді қоспағанда, ескерілуі міндettі.

Тәрбиеленушінің пікірі:

- 1) тәрбиеші-ана білім беру мекемесін және оқыту нысанын таңдаған кезде;
- 2) тәрбиеші-ана отбасылық тәрбие мен білім беруге қатысты мәселелерді шешкен кезде;
- 3) сот баланы тәрбиеші-анадан өз ата-анасына қайтару туралы олардың талаптарын қараған кезде;
- 4) сот баланың ата-анасының ата-ана құқықтарын қалпына келтіру туралы талап қоюын қанағаттандырудан бас тартқан жағдайда;
- 5) сот баланың ата-анасының ата-ана құқықтарын шектеудің күшін жою туралы талап қоюын қанағаттандырудан бас тартқан жағдайда ескеріледі.

7-бап. Тәрбиеленушінің құқықтары мен занды мұдделерін қорғауға құқығы

1. Балалар ауылының тәрбиеленушісінің өз құқықтары мен занды мұдделерін қорғауға құқығы бар.

Тәрбиеленушінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды балалар ауылдының әкімшілігі, қорғаншы және қамқоршы орган, прокурор және сот, сондай-ақ өз құзыреті шегінде ішкі істер органдары мен өзге де мемлекеттік органдар жүзеге асырады.

2. Балалар ауылы тәрбиеленушісінің балалар ауылдының әкімшілігі, сондай-ақ тәрбиеші-ана тарарапынан қиянат жасалуынан қорғалуға құқығы бар.

Тәрбиеленушінің құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған, соның ішінде балалар ауылдының әкімшілігі, сондай-ақ тәрбиеші-ана оны бағып-күту, тәрбиелеу, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білім алу жағдайларын қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерін орындаған немесе дұрыс орындаған не олар өз құқықтарын асыра пайдаланған жағдайда, бала өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін қорғаншы және қамқоршы органға, ал он төрт жасқа толғаннан кейін - сотқа өз бетінше өтініш жасауға құқылы.

3. Баланың өміріне немесе денсаулығына қатер төнгені туралы, оның құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылғандығы туралы мәлім болған ұйымдардың лауазымды адамдары және адамдар бұл жөнінде баланың нақты орналасқан жеріндегі қорғаншы және қамқоршы органға хабарлауға міндетті. Мұндай мәліметтерді алған жағдайда қорғаншы және қамқоршы орган балалар ауылы тәрбиеленушісінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөнінде қажетті шаралар қолдануға міндетті.

Ескерту. 7-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2007.07.27 N 320 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараныз), 2011.12.26 N 517-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Занымен.

8-бап. Тәрбиеленушінің тұрғын үйге құқығы

1. Тәрбиеленушілер ауылдында болған бүкіл кезеңде тұрғын үйдің басқа да меншік иелерімен бірге ортақ меншікке құқығын сақтайды. Ортақ меншіктегі, оның ішінде балалар ауылы тәрбиеленушісінің де меншігіндегі тұрғын үйді иеліктен айырудың тәртібі мен шарттары Қазақстан Республикасының заңнамасымен айқындалады.

2. Ата-аналарынан, туыстарынан немесе басқа адамдардан өзіне мұрагерлік немесе сыйға тарту тәртібімен және басқа да заңды негізде ауысқан тұрғын үйге меншік құқығы бар тәрбиеленушілер ауылдында болған барлық кезеңде оған құқығын сақтайды.

3. Мемлекеттік тұрғын үй қорынан алынған тұрғын үй тәрбиеленушіге ол балалар ауылдында болған барлық уақыт ішінде сақталады.

4. Тұрғын үйі жоқ тәрбиеленушілер ауылдында болуы аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының тұрғын үй зандарына сәйкес мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй алуға құқылы.

Ескерту. 8-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.12.26 N 517-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

9-бап. Тәрбиеленушінің мулікке құқығы

Тәрбиеленушінің:

1) өзі сыйға тарту, мұрагерлік тәртібімен және басқа заңды негізде алған мүлікке;

- 2) банк салымынан проценттер түрінде алынған табыстарға;
- 3) өзіне тиесілі тұрғын үйді жалға беруден алынған табыстарға;
- 4) шығармашылық, кәсіптік, еңбек және өзге де қызметтен түскен табыстарға меншік құқығы сақталады.

10-бап. Тәрбиеленушінің әлеуметтік төлемдерге құқығы

1. Тәрбиеленушінің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жәрдемақылар мен басқа да әлеуметтік төлемдерге, сондай-ақ ата-анаынан алынатын өзіне тиесілі алименттерге құқығы бар.

2. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тәрбиеленушіге тағайындалған жәрдемақылар мен басқа да әлеуметтік төлемдер, сондай-ақ тәрбиеленушіні бағып-күтуге ата-анаынан өндіріп алынатын қаражат тәрбиеленушіге жазбаша хабар беріле отырып, оның атына банк шоттарына аударылуға тиіс.

Балалар ауылдарының әкімшілігі мен тәрбиеші-аналарының алименттерден, жәрдемақылар мен басқа да әлеуметтік төлемдерден түскен қаражатты тәрбиеленушілердің банк шоттарынан алуға құқығы жоқ.

Ескерту. 10-бап жаңа редакцияда - ҚР 2011.12.26 N 517-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

3-тaraу. ОТБАСЫ ҮЛГІСІНДЕГІ БАЛАЛАР АУЫЛЫ (БАЛАЛАР АУЫЛЫ)

11-бап. Балалар ауылдындағы отбасы

1. Балалар ауылдындағы отбасы - балаларды тәрбиелеудің жаңа нысанынан туындастырылған, отбасылық қатынастарды нығайтуға және еңбек дағдыларын сініруге, оқыту мен тәрбиелеуге жәрдемдесуге бағытталған жеке мүліктік емес құқықтармен және міндеттермен байланысты адамдар тобы (тәрбиеші-ана, тәрбиеленушілер).

2. Балалар ауылдында балаларды бағып-күтуді және тәрбиелеуді білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен конкурстық іріктеуден өткен тәрбиеші-ана отбасында жүзеге асырады.

3. Балалар ауылдындағы отбасы туралы ережені білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

Ескерту. 11-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.12.26 N 517-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 24.11.2021 № 75-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

12-бап. Балалар ауылдын құқықтық мәртебесі

1. Балалар ауылы - тәрбиеленушілердің құқықтары мен занды мүдделерін қамтамасыз ету және осы Заңмен белгіленген функцияларды орындау үшін коммерциялық емес ұйым ұйымдастыруышылық-құқықтық нысанында құрылатын занды тұлға.

Мемлекет Қазақстан Республикасының Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдар арқылы балалар ауылының құрылтайшысы бола алады.

2. Балалар ауылының пәтер үлгісіндегі тұрғын үй-жайлар, әкімшілік ғимараттар мен отбасылардың тұруына арналған құрылыштар, сондай-ақ үй іргесіндегі және қосалқы (үй) шаруашылық орналасқан оқшауланған аумағы болады, оның ең аз мөлшерін білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаиды.

3. Балалар ауылы, әрқайсысында жасы он сегізге дейінгі жетіден он тәрбиеленушіге дейін тұратын және тәрбиеленетін бірнеше отбасынан, сондай-ақ белгілі бір кезеңде жиырма үш жасқа дейінгі балалар үйлерінің, жетім балалар мен ата-ана қамқорлығының қалған балаларға арналған мектеп-интернаттардың түлектері мен балалар ауылының тәрбиеленушілері тұруға арналған жасөспірімдер үйлерінен тұрады.

4. Балалар ауылы, әдетте, шағын және орташа қалаларда, селолық елді мекендер мен ірі қалалар маңындағы аймақтарда орналасады.

Ескерту. 12-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2004.12.20 N 13 (2005.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.12.26 N 517-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

13-бап. Балалар ауылының қызметін басқару

1. Балалар ауылының қызметін басқаруды балалар ауылының құрылтайшысы оның Жарғысына сәйкес тағайындастын әкімшілік жүзеге асырады.

2. Балалар ауылы әкімшілігінің негізгі қызметіне: V011629

1) балалар ауылының жұмыс істеуіне қалыпты жағдай жасау және жасөспірімдер үйлерінің материалдық-техникалық базасын қамтамасыз ету;

2) тәрбие процесіне басшылық жасау, оқуды бақылау;

3) балалар ауылының инфрақұрылымын жетілдіру;

4) балалар ауылына келіп түскен қаражатты материалдық қамтамасыз ету нормаларына сәйкес тәрбиеші-аналардың арасында бөлу;

5) тәрбиеші-аналардың, жасөспірімдер үйлері директорларының ай сайынғы қаржы есептерін қабылдау және талдау жатады.

3. Балалар ауылының әкімшілігі туралы ережені білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

Ескерту. 13-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2004.12.20 N 13 (2005.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.12.26 N 517-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

14-бап. Тәрбиеші-анаға қойылатын талаптар

1. Жиырма жеті жасқа толған, жоғары, орта білімнен кейінгі немесе орта (техникалық және кәсіптік) білімі бар, некеде тұрмайтын, өзінің кәмелетке толмаған не асырап алған балалары жоқ Қазақстан Республикасының азаматтары:

- 1) сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеті шектеулі деп таныған адамдарды ;
- 2) сот ата-ана құқығынан айырған немесе сот арқылы ата-ана құқығы шектелген адамдарды;
- 3) өзіне заңмен жүктелген міндеттерді дұрыс орындағаны үшін қорғаншы (қамқоршы) міндеттерінен шеттетілгендерді;
- 4) бұрынғы бала асырап алушыларды, егер өздерінің кінәсінен олардың бала асырап алушылығы жағдайын сот жойған болса;
- 5) сottалғандығы бар адамдарды;
- 6) денсаулық жағдайына қарай бала тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді жүзеге асыра алмайтын адамдарды қоспағанда, тәрбиеші-ана бола алады. Адамның тәрбиелеуге бала қабылданап алуға болмайтын аурулар тізбесін білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілейді.

2. Білім беру саласындағы уәкілетті орган тәрбиеші-аналардың біліктілік санаттарын әзірлейді және белгілейді.

3. Балалар ауылында тәрбиеленуші балалардың мұдделерін неғұрлым толығырақ қамтамасыз ету үшін қорғаншы және қамқоршы органдардың конкурстық іріктеуден өткен тәрбиеші-аналардың кадр резерві болуы мүмкін.

Ескерту. 14-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2004.12.20 N 13 (2005.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); 2011.12.26 N 517-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

15-бап. Балаларды балалар ауылы отбасына іріктеу

1. Балаларды балалар ауылы отбасына іріктеуді балалар ауылы әкімшілігі өкілінің қатысуымен, қорғаншы және қамқоршы органдардың жолдамасы негізінде тәрбиеші-ана жүзеге асырады.

2. Балаларды балалар ауылы отбасына іріктеген кезде қорғаншы және қамқоршы органдар оған мұрагерлік, сыйфа тарту тәртібімен немесе басқа да занды негіздер бойынша берілген мүліктің бар екендігін анықтауға және балалардың мүлікке құқығын қорғаудың және осы мүлікті сақтаудың тиісті шараларын қолдануға міндетті (зан бойынша балаларға мұрагерлікке өтуге тиіс мүлікті анықтау, сақтау және басқару; мүлікті заңсыз иеленген тұлғалардан оны талап ету; борышқорлардан ақшаны өндіріп алу және басқалары).

3. Егер балалар ауылына берілген балалардың басқа жерде тұрған мүлкі болса, онда бұл мүлікті қорғауды мүлік тұрған жердегі Қорғаншы және Қамқоршы орган жүзеге асырады және қажет болған жағдайда олар мүлікке қорғаншы тағайындауы мүмкін.

4. Ақшалай сомалар тәрбиеленушінің банк шотына салынады. Шоттың бар екендігі туралы құжаттар балалар ауылының әкімшілігінде сақталады.

Шоттың бар екендігі туралы құжаттардың көшірмелері тәрбиеші-анаға беріледі.

Ескерту. 15-бапқа өзгеріс енгізілді - КР 2011.12.26 N 517-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

16-бап. Балаларды балалар ауылы отбасына берудің тәртібі

1. Балаларды отбасында бағып-қуту, тәрбиелеу, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білім берумен қамтамасыз ету тәрбиеші-ана, балалар ауылының әкімшілігі мен қорғаншы және қамқоршы орган арасында жасалған балаларды беру туралы шарт негізінде жүзеге асырылады. Балаларды балалар ауылы отбасына беру туралы үлгі шартты білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

2. Балаларды отбасына берген кезде қорғаншы және қамқоршы орган олардың мұдделерін басшылыққа алады.

Балаларды отбасына беру олардың пікірі және тәрбиеші-аналардың тілегі ескеріле отырып жүзеге асырылады. Он жасқа толған балалар, балалар ауылы отбасына, олардың келісімімен берілуі мүмкін.

Балалар ауылы отбасына берген кезде балалардың мұддесіне орай олардың этникалық шығу тегі, белгілі бір дінді және мәдениетті ұстанатындығы, ана тілі, тәрбие мен білім беруде сабактастықты қамтамасыз етудің мүмкіндіктері ескерілуге тиіс.

3. Бірге туған ұл-қыздар, медициналық не басқа да себептермен бірге тәрбиеленуге болмайтын жағдайларды қоспағанда, бір отбасына берілуге тиіс.

4. Балалар ауылына берілетін әрбір балаға арнап қорғаншы және қамқоршы органдар балалар ауылының әкімшілігіне мынадай құжаттар тапсырады:

1) тууы туралы күәлік;

2) денсаулығы туралы анықтама және баланың сырқаты тарихынан үзінді көшірме;

3) анасының денсаулығы және оның босану жағдайы туралы анықтама (бала сәбілер үйінен берілген жағдайда);

4) білімі туралы құжат (мектеп жасындағы балалар үшін);

5) ата-аналары туралы құжаттар (қайтыс болғандығы туралы күәліктің көшірмесі немесе хабарлама, сottың үкімі немесе шешімі, ата-аналарының сырқаты, оларға іздестіру туралы анықтама және ата-аналарының жоқтығын немесе олардың өз балаларын тәрбиелеуі мүмкін еместігін растайтын басқа да құжаттар);

6) ағасы, інісі, апасы, сіңлісі, қарындасты бар екендігі және олардың түрғылықты жері туралы анықтама;

7) балаға тиесілі мүліктің тізімдемесі және оның сақталуы үшін жауапты тұлғалар туралы мәліметтер;

8) кәмелетке толмағандарға бұрыннан тұрып келген түрғын үй алаңын бекітіп беру туралы құжаттар және "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясының бала мен оның ата-анасының жылжымайтын мүлікке құқықтарын мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтері;

9) алимент өндіріп алу туралы сот шешімінің көшірмесі, сондай-ақ жердемақыға, зейнетақыға және басқа да әлеуметтік төлемдерге құқығын растайтын құжаттар;

10) банкте баланың атына ашылған шоттың бар екендігі туралы құжаттардың көшірмелері;

11) өзге де құжаттар.

Ескерту. 16-бапқа өзгерістер енгізілді - КР 2007.07.27 N 320 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2011.12.26 N 517-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 24.05.2018 № 156-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 14.07.2022 № 141-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

17-бап. Балалар ауылының отбасына балаларды беру туралы шарт

1. Балаларды беру туралы шартта:

1) балалар ауылы тәрбиеленушілерінің тәрбиелену, білім алу және бағып-күтілу жағдайлары;

2) тәрбиеші-ананың, балалар ауылы әкімшілігінің құқықтары мен міндеттері;

3) тәрбиеші-аналарға қатысты қорғаншы және қамқоршы органдардың міндеттері;

4) балаларды беру туралы шартты тоқтатудың негіздері мен салдары қамтылуға тиіс .

Балалар тәрбиеші-аналардың тәрбиесіне он сегіз жасқа толғанға дейінгі мерзімге беріледі.

2. Балалар ауылының отбасына балаларды беру туралы шартты мерзімінен бұрын бұзыу:

1) дәлелді себептер болған жағдайда (сырқаттануына, отбасы жағдайының өзгеруіне байланысты және өз міндеттерін орындауға мүмкіндігі болмайтын басқа да жағдайларда), тәрбиеші-аналардың бастамашылығы бойынша;

2) тәрбиеші-ана өзіне жүктелген міндеттерді орындаудан жалтарса, өз құқықтарын асыра пайдаланса, балаларға қатыгездікпен қараса, оның ішінде оларға күш көрсетсе немесе психикалық қысым жасаса және балаларды бағып-күту, тәрбиелеу және оларға білім беру үшін басқа да қолайсыз жағдайлар туындаған кездерде, қорғаншы және қамқоршы органдардың және (немесе) балалар ауылы әкімшілігінің бастамашылығы бойынша;

3) баланы (балаларды) ата-анасына қайтарған немесе оны (оларды) асырап алған, сондай-ақ баланы (балаларды) қорғаншылыққа (қамқоршылыққа), патронаттық тәрбиелеуге берген жағдайда;

4) балаларды отбасына беру туралы шарттың талаптары бұзылған жағдайда жүзеге асырылуы мүмкін.

3. Тәрбиеші-ананың бастамасы бойынша балаларды балалар ауылының отбасына беру туралы шарт мерзімінен бұрын бұзылған кезде, мұндай шартты қорғаншы және

қамқоршы орган балалар ауылшының әкімшілігімен және тәрбиеші-аналардың кадр резервінде тұрған адаммен жасайды.

Ескерту. 17-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.12.26 N 517-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

18-бап. Тәрбиеші-ананың балаларды тәрбиелеу және оларға білім беру жөніндегі құқықтары мен міндеттері

1. Тәрбиеші-ана балалардың пікірі, балалар ауылы әкімшілігінің пікірі мен қорғаншы және қамқоршы органның ұсыныстарын ескере отырып, балаларды тәрбиелеу әдістерін өз бетінше айқындауға құқылы.

Тәрбиеші-ана балалардың пікірін ескере отырып, білім беру ұйымы мен оқыту нысандарын таңдауға құқылы және балалардың бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім алушына жағдай жасауға міндетті.

2. Тәрбиеші-ана өзінің өкілеттіктерін жүзеге асырган кезде балалардың дене бітіміне және психикалық саулығына, олардың имандылық рухында дамуына залал келтірмеуге тиіс. Тәрбиелеу әдістері балаларға енжар қараушылықты, қатыгездікті, дөрекілікті, олардың адамдық абыройын кемсітуді, ар-ұжданы мен намысын қорлауды болдырмауға тиіс.

3. Тәрбиеші-ана балаларды тәрбиелеуге, олардың денсаулығы, дене бітімінің, психикасының, имандылық және рухани жағынан дамуы жөнінде қамқорлық жасауға міндетті.

Тәрбиеші-ана отбасында имандылық-рухани және үйішлік ахуал жасау жөніндегі өзіне жүктелген міндеттерді адал атқаруға тиіс.

4. Тәрбиеші-ана осы Заңның 16-бабы 4-тармағының 1), 2), 4) – 11) тармақшаларында көрсетілген, өзіне берілген құжаттар көшірмелерінің сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

5. Өз міндеттін тәрбиеленушілердің құқықтары мен мұдделеріне залал келтіре отырып атқарған тәрбиеші-ана Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген жауапкершілікті ата-аналармен бірдей көтереді.

Ескерту. 18-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2007.07.27 N 320 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2011.12.26 N 517-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

19-бап. Тәрбиеленушілердің құқықтары мен мұдделерін қорғау жөніндегі әкімшіліктің құқықтары мен міндеттері

1. Балалар ауылшының әкімшілігі, тәрбиеленушілердің кез келген жеке және заңды тұлғалармен қарым-қатынастарында, оның ішінде соттарда, бұған арнағы өкілеттіктері болмаса да, олардың құқықтары мен мұдделерін қорғауға әрекет ететін заңды өкілі болып табылады.

2. Егер қорғаншы және қамқоршы орган әкімшілік пен балалардың мұдделері арасында қайшылықтар бар екенін анықтаса, әкімшілік балалардың мұдделерін

қорғауға құқылы емес. Олардың арасында келіспеушіліктер болған жағдайда қорғаншы және қамқоршы орган балалардың мүдделерін білдіруші етіп тәрбиеші-ананы тағайындауға тиіс.

3. Балалар ауылшының әкімшілігі баланың денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша денсаулық паспортының көшірмесін, оны тәрбиелеу жөніндегі жұмыс туралы және оның мүлкін басқару туралы есептерді қорғаншы және қамқоршы органға кем дегенде жылына бір рет ұсынуға тиіс.

Ескерту. 19-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.12.26 N 517-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 30.12.2024 № 148-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарамен.

20-бап. Әкімшіліктің тәрбиеленушінің мүлкін басқару жөніндегі құқықтары мен міндеттері

1. Тәрбиеленушінің мүлкін басқару Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Мүлікті жалдауға (жалға) беруден түсken кірісті әкімшілік тәрбиеленушінің банктеңінде банк шотына аударып отырады.

3. Тәрбиеленушінің ата-анасына қайтарған жағдайда немесе оны балалар ауылшынан шығарғаннан кейін тәрбиеленушінің мүлкі мен құжаттары нотариус куәландырған тізімдеме бойынша ата-аналарына немесе тәрбиеленушінің өзіне беріледі.

Ескерту. 20-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.07.11 N 185-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2011.12.26 N 517-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Зандарамен.

21-бап. Тәрбиеленушілердің ата-аналарымен және басқа да жақын туыстарымен байланыстары

1. Әкімшілік тәрбиеленушілердің ата-аналарының құқықтары қалпына келтірілген, бас бостандығынан айыру орындарынан босаған және баланың мүдделеріне қайшы келмейтін басқа да жағдайларда олардың ата-аналарымен байланыс жасауына және табысуына кедергі жасамауға тиіс.

2. Әкімшілік, сондай-ақ тәрбиеленушінің басқа да жақын туыстарымен (ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілерімен және апа-сінлілерімен, аталарымен, әжелерімен) байланыс жасап тұруына, мұндай араласу баланың мүдделеріне сай келмейтін жағдайларды қоспағанда, кедергі жасамауға тиіс.

3. Тәрбиеленушілермен ата-аналарының және басқа да жақын туыстарының байланыс жасауына әкімшіліктің келісімімен рұқсат етіледі.

4. Тәрбиеленушілердің бұрынғы отбасына қайта оралуы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

4-тарау. ЖАСӘСПРІМДЕР ҮЙІ (ӘЛЕУМЕТТЕК БЕЙІМДЕЛУ ОРТАЛЫҒЫ)

22-бап. Жасөспірімдер үйі

1. Балалар ауылдының, балалар үйінің, жетім балалар мен ата-ана қамқорлығынысыз қалған балаларға арналған мектеп-интернаттың балансындағы жатақхана немесе пәтерлер Жасөспірімдер үйі болып табылады.

Жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша Жасөспірімдер үйі мемлекеттік мекеме нысанындағы дербес заңды тұлға ретінде құрылуы және жұмыс істеуі мүмкін.

2. Жасөспірімдер үйінің қызметін балалар ауылдының, балалар үйінің, жетім балалар мен ата-ана қамқорлығынысыз қалған балаларға арналған мектеп-интернаттың әкімшілігі Жасөспірімдер үйінің директорымен бірлесе отырып, білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен Жасөспірімдер үйі туралы ұлгі қағидаларға сәйкес жүзеге асырады.

3. Дербес заңды тұлға ретінде жұмыс істейтін Жасөспірімдер үйі өз қызметін білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен Жасөспірімдер үйі туралы ұлгі қағидаларға сәйкес жүзеге асырады.

Ескерту. 20-бап жаңа редакцияда - ҚР 2011.12.26 N 517-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР 24.11.2021 № 75-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

23-бап. Жасөспірімдер үйінің мақсаттары мен міндеттері

1. Жасөспірімдер үйінің негізгі мақсаты - балалар ауылдарының тәрбиеленушілеріне, балалар үйлерінің, жетім балалар мен ата-ана қамқорлығынысыз қалған балаларға арналған мектеп-интернаттардың түлектеріне (әлеуметтік бейімделуден өтетін адамдарға) олардың өз тілектеріне сай қоғамға, оның ішінде еңбек нарығына сінісуіне көмектесу.

2. Балалар ауылдарының тәрбиеленушілерін, балалар үйлерінің, жетім балалар мен ата-ана қамқорлығынысыз қалған балаларға арналған мектеп-интернаттардың түлектерін әлеуметтік бейімдеу мақсатында Жасөспірімдер үйі мынадай міндеттерді:

1) қоғамдық өмірге әлеуметтік бейімделу үшін жағдай жасауға;

2) жеке қабілеттерін дамытуға жәрдемдесу және кәсіби даярлығын қамтамасыз етуге;

3) жұмысқа орналасуға жәрдемдесу жөніндегі міндеттерін орындауға тиіс.

Ескерту. 23-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.12.26 N 517-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

24-бап. Жасөспірімдер үйінде әлеуметтік бейімделуден өтетін адамдардың санаттары

1. Балалар ауылы, балалар үйі, жетім балалар мен ата-ана қамқорлығынысыз қалған балаларға арналған мектеп-интернат әкімшілігінің шешімі негізінде Жасөспірімдер үйінде, психоневрологиялық аурулары бар адамдарды қоспағанда, он алты жастан

жиырма үш жасқа дейінгі балалар ауылдарының тәрбиеленушілері және балалар үйлерінің, жетім балалар мен ата-ана қамқорлығының қалған балаларға арналған мектеп-интернаттардың тұлектері әлеуметтік бейімделуден өте алады.

2. Жергілікті атқарушы органдардың шешімі негізінде дербес заңды тұлға ретінде жұмыс істейтін Жасөспірімдер үйінде, психоневрологиялық аурулары бар адамдарды қоспағанда, он алты жастан жиырма үш жасқа дейінгі балалар ауылдарының тәрбиеленушілері және балалар үйлерінің, жетім балалар мен ата-ана қамқорлығының қалған балаларға арналған мектеп-интернаттардың тұлектері әлеуметтік бейімделуден өте алады. V010001629

Ескерту. 24-бап жаңа редакцияда - ҚР 2011.12.26 N 517-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

25-бап. Жасөспірімдер үйі директорының негізгі міндеттері

Жасөспірімдер үйінің директоры: V011629

1) еңбек нарығын:

мұдделі ұйымдармен байланыстар орнату және ұйымдардағы бос жұмыс орындарын зерделеу;

қосалқы шаруашылықтар, шағын ағаш ұсташылық және слесарлық шеберханалар мен шағын кәсіпкерліктің басқа да объектілерін құру арқылы жүйелі түрде зерделеуге;

2) өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша балалар ауылының, балалар үйінің және жетім балалар мен ата-ана қамқорлығының қалған балаларға арналған мектеп-интернаттың әкімшілігімен өзара іс-қимылды жүзеге асыруға міндетті.

Ескерту. 25-бап жаңа редакцияда - ҚР 2011.12.26 N 517-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

26-бап. Әлеуметтік бейімделуден өтіп жатқан адамдардың өкілдігі

1. Әлеуметтік бейімделуден өтіп жатқан он алты жастан он сегіз жасқа дейінгі адамдардың мұдделерін балалар ауылының, балалар үйінің, жетім балалар мен ата-ана қамқорлығының қалған балаларға арналған мектеп-интернаттың әкімшілігі білдіреді және қорғайды.

Дербес заңды тұлға мәртебесі бар Жасөспірімдер үйінде әлеуметтік бейімделуден өтіп жатқан он алты жастан он сегіз жасқа дейінгі адамдардың мұдделерін оның әкімшілігі білдіреді және қорғайды.

2. Әлеуметтік бейімделуден өтіп жатқан он сегіз жастан жиырма үш жасқа дейін адамдар өздерінің азаматтық құқықтарын өз бетінше жүзеге асырады және міндеттер атқарады.

Ескерту. 26-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.12.26 N 517-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

27-бап. Әлеуметтік бейімделуден өтіп жатқан адамдардың әрекет қабілеттілігі

1. Әлеуметтік бейімделуден өтіп жатқан адамның өз әрекеттерімен азаматтық құқықтарға ие болуға және оларды жүзеге асыруға, өзіне азаматтық міндеттер жүктеуге

, оларды орындауға қабілеттілігі (азаматтық әрекет қабілеттілігі) кәмелетке толғанда, яғни он сегіз жасқа толғаннан кейін толық қолемінде туындаиды.

2. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде он сегіз жасқа толғанға дейін некелесуге рұқсат етілетін жағдайда, он сегіз жасқа толмаған әлеуметтік бейімделуден өтіп жатқан адам некеге тұрган кезден бастап толық қолемінде әрекет қабілеттілігіне ие болады.

3. Әлеуметтік бейімделуден өтіп жатқан адамның құқық қабілеттілігінен немесе әрекет қабілеттілігінен толық немесе ішінара бас тартуы және құқық қабілеттілігін немесе әрекет қабілеттілігін шектеуге бағытталған басқа да мәмілелер, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде мұндай мәмілелерге жол берілетін реттерді қоспағанда, жарамсыз болады.

Ескерту. 27-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.12.26 N 517-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

28-бап. Әлеуметтік бейімделуден өтіп жатқан он алты жастан он сегіз жасқа дейінгі адамдардың әрекет қабілеттілігі

1. Әлеуметтік бейімделуден өтіп жатқан он алты жастан он сегіз жасқа дейінгі адамдар мәмілелерді балалар ауылы, балалар үйі, жетім балалар мен ата-ана қамқорлығының қалған балаларға арналған мектеп-интернат әкімшілігінің келісімімен жасайды. Мұндай келісімнің нысаны кәмелетке толмағандар жасайтын мәміле үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нысанға сай келуге тиіс.

2. Әлеуметтік бейімделуден өтіп жатқан он алты жастан он сегіз жасқа дейінгі адамдар өздерінің жалақысына, стипендиясына, өзге де кірістеріне және өздері жасаған санаткерлік меншік құқығы объектілеріне өз бетінше билік етуге, сондай-ақ тұрмыстық ұсақ мәмілелер жасауға құқылы.

3. Жеткілікті негіздер болған жағдайда қорғаншы және қамқоршы орган әлеуметтік бейімделуден өтіп жатқан адамның өз жалақысына, стипендиясына, өзге де кірістеріне және өзі жасаған санаткерлік меншік құқығы объектілеріне өз бетінше билік ету құқығын шектеуі немесе ол құқықтан айыруы мүмкін.

4. Әлеуметтік бейімделуден өтіп жатқан он алты жастан он сегіз жасқа дейінгі адамдар осы баптың ережелеріне сәйкес өздері жасаған мәмілелер бойынша дербес жауапты болады және өздерінің әрекеттерімен келтірілген зиян үшін Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің ережелеріне сәйкес жауапты болады.

5. Дербес заңды тұлға ретінде жұмыс істейтін Жасөспірімдер үйінде әлеуметтік бейімделуден өтіп жатқан он алты жастан он сегіз жасқа дейінгі адамдар мәмілелерді осы мекеме әкімшілігінің келісімімен жасайды.

Ескерту. 28-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.12.26 N 517-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

29-бап. Әлеуметтік бейімделуден өтіп жатқан он алты жастан он сегіз жасқа дейінгі адамдардың банктерге салымдар салу және салымдарға билік ету құқығы

1. Әлеуметтік бейімделуден өтіп жатқан он алты жастан он сегіз жасқа дейінгі адамдар банктерге салымдар салуға және өздері салған салымдарға өз бетінше билік етуге құқылы.

2. Әлеуметтік бейімделуден өтіп жатқан он алты жастан он сегіз жасқа дейінгі адамдар өздерінің атына басқа біреу салған салымдарға өз бетінше билік етеді.

30-бап. Әлеуметтік бейімделуден өтіп жатқан адамдардың құқықтары мен міндеттері

Әлеуметтік бейімделуден өтіп жатқан адамдардың құқықтары мен міндеттері балалар ауылы, балалар үйі және жетім балалар мен ата-ана қамқорлығының қалған балаларға арналған мектеп-интернат пен тәрбиеленуші (түлек) арасында жасалған Жасөспірімдер үйінде бағып-күту туралы шарт негізінде айқындалады. Осы шарт білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітетін үлгі шарт негізінде жасалады.

Дербес заңды тұлға ретінде жұмыс істейтін Жасөспірімдер үйінде әлеуметтік бейімделуден өтіп жатқан адамдардың құқықтары мен міндеттері Жасөспірімдер үйі мен тәрбиеленуші (түлек) арасында жасалған осы мекемеде бағып-күту туралы шарт негізінде айқындалады.

Ескерту. 30-бап жаңа редакцияда - ҚР 2011.12.26 N 517-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

31-бап. Жасөспірімдер үйінде бағып-күту туралы шартты тоқтату

1. Жасөспірімдер үйінде бағып-күту туралы шарт онда көзделген негіздерден басқа:

1) жиырма үш жасқа жеткенде;

2) әлеуметтік бейімделуден өтіп жатқан адамның шартты тоқтату туралы тілек білдіруімен;

3) Жасөспірімдер үйінің тәрбиеленушісі (түлегі) Жасөспірімдер үйінің тәртібін бірнеше рет бұзған, алкогольді, есірткілерді, басқа да есенгірететін заттарды пайдалану, нәпсіқұмарлық сипаттағы әдепсіз іс-әрекеттерді жасау фактілері анықталған жағдайларда қорғаншы және қамқоршы органның, балалар ауылы, балалар үйі және жетім балалар мен ата-ана қамқорлығының қалған балаларға арналған мектеп-интернат әкімшілігінің шешімімен;

3-1) Жасөспірімдер үйінің тәрбиеленушісі (түлегі) Жасөспірімдер үйінің тәртібін бірнеше рет бұзған, алкогольді, есірткілерді, басқа да есенгірететін заттарды пайдалану, нәпсіқұмарлық сипаттағы әдепсіз іс-әрекеттерді жасау фактілері анықталған жағдайларда дербес заңды тұлға ретінде жұмыс істейтін Жасөспірімдер үйі әкімшілігінің шешімімен;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда тоқтатылады.

2. Жасөспірімдер үйінде бағып-күту туралы шартты тоқтату әлеуметтік бейімделуден өтіп жатқан адамның Жасөспірімдер үйі жатақханасындағы орынға құқығын тоқтатады.

Ескерту. 31-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.12.26 N 517-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

32-бап. Әлеуметтік бейімделуден өтіп жатқан адамның зиян келтіргені үшін жауаптылығы

1. Әлеуметтік бейімделуден өтіп жатқан он алты жастан он сегіз жасқа дейінгі адамдар өздері келтірген зиян үшін жалпы негіздер бойынша дербес жауапты болады.

2. Егер әлеуметтік бейімделуден өтіп жатқан он алты жастан он сегіз жасқа дейінгі, қамқорлықты қажет ететін адамдар заңға орай өзінің қамқоршысы болып табылатын балалар ауылында, балалар үйінде, жетім балалар мен ата-ана қамқорлығының қалған балаларға арналған мектеп-интернатта тұрып жатса, онда балалар ауылының, балалар үйінің, жетім балалар мен ата-ана қамқорлығының қалған балаларға арналған мектеп-интернаттың әкімшілігі, егер зиян оның кінәсінен болмағанын дәлелдей алмаса, зиянды толығымен немесе оның жетіспейтін бөлігін өтеуге міндетті.

3. Балалар ауылы, балалар үйі, жетім балалар мен ата-ана қамқорлығының қалған балаларға арналған мектеп-интернат әкімшілігінің зиянды өтеу жөніндегі міндеті залал келтірушінің кәмелеттік жасқа толуына қарай не оның кәмелеттік жасқа толғанға дейін зиянды өтеу үшін жеткілікті мүлкі немесе өзге де табыс көздері пайда болса, не ол кәмелеттік жасқа толғанға дейін әрекет қабілеттілігіне ие болса, тоқтатылады.

Ескерту. 32-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.12.26 N 517-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

5-тарау. БАЛАЛАР АУЫЛДАРЫ МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕР ҮЙЛЕРІНІҢ ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРІНЕ АРНАЛҒАН МЕМЛЕКЕТТІК КЕПІЛДІКТЕР

33-бап. Тәрбиеленушілерге арналған мемлекеттік кепілдіктер

Тәрбиеленушілерге арналған мемлекеттік кепілдіктер:

1) тәрбиеленушілердің дене бітімі жағынан, санаткерлік, рухани және имандылық тұрғыдан дамуына жәрдемдесу, олардың бойына патриотизм мен азаматтықты сіңіру үшін құқықтық, экономикалық және ұйымдастыруышылық жағдайлар жасауды;

2) кәсіби бағдар жүйесін құруды, бастапқы кәсіби даярлықты қамтамасыз етуді және жұмысқа орналасуға жәрдемдесуді;

3) балалардың білім алу, сондай-ақ қызметі балалардың дем алуына және оларды сауықтыруға бағытталған мекемелер желісін сақтау және дамыту арқылы олардың демалу және сауығу құқықтарын қамтамасыз етуді;

4) мәдениет, дене тәрбиесі мен спорт саласында балалар мұдделері үшін мемлекеттік саясатты қалыптастыру мен іске асыруды;

5) егер балалар ауылына, балалар үйіне немесе жетім балалар мен ата-ана қамқорлығының қалған балаларға арналған мектеп-интернатқа жіберілгенге дейін тұрып келген тұрғын үйлерін оларға қайтарып беру мүмкін болмаса, азаматтардың осы санаты үшін көзделген тәртіппен тұрғын үй беруді;

6) мұдделі министрліктермен, ведомстволармен және ұйымдармен бірлесе отырып балаларды сауықтыру, дене тәрбиесі мен гигиеналық тәрбие жөнінде шаралар өткізу, балалар ауылдарының ұйымдастыру-құқықтық нысанына қарамастан балалар ауылдарындағы балалардың денсаулық жағдайларына бақылау жасау ісін жүзеге асыруды қамтиды.

Ескерту. 33-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.12.26 N 517-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

34-бап. Отбасылық ұлгідегі балалар ауылдары мен жасөспірімдер үйлерін дамытудағы мемлекеттік органдардың рөлі

Қорғаншы және қамқоршы органдар отбасылық ұлгідегі балалар ауылдары мен жасөспірімдер үйлеріне тәрбиеленушілердің білім алудына және оларды тәрбиелеуде, емдеу-профилактикалық және психологиялық-диагностикалық жұмыста әдістемелік көмек көрсетуге, сондай-ақ олардың бағып-күтілуі, тәрбиеленуі мен білім алуды жағдайларына бақылау жасауды жүзеге асыруға, тәрбиеші-аналарға психологиялық-медициналық-педагогикалық мәселелер бойынша консультациялар беруге міндетті.

35-бап. Тәрбиеленушілер құқықтарының кепілдіктерін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қаржыландыру

1. Тәрбиеленушілерді әлеуметтік қорғаудың кепілдіктерін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды жүзеге асыруға арналған шығыстар құрылтайшылар қаражаты және заңмен тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен жүргізіледі.

2. Бір тәрбиеленушіні тамақпен, киіммен, аяқ киіммен, жұмсақ жабдықтармен қамтамасыз ету нормалары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес белгіленеді.

36-бап. Мемлекеттік мекемелердегі тәрбиеленушілер құқықтарының кепілдіктерін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қаржыландыру

1. Алып тасталды - ҚР 03.07.2013 № 124-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Тәрбиеленушілер мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын балалар ауылдарында (балалар үйлерінде) болған кездерінде оларға толық мемлекеттік қамтамасыз ету кепілдігі беріледі.

3. Жасөспірімдер үйлерінде әлеуметтік бейімделуден өтіп жатқан адамдарға күндізгі оқу нысанында жоғары, орта білімнен кейінгі немесе орта (техникалық және кәсіптік) білім алуды кезеңінде толық мемлекеттік қамтамасыз ету кепілдігі беріледі.

Ескерту. 36-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2007.07.27 N 320 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2011.12.26 N 517-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 03.07.2013 № 124-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

37-бап. Қазақстан Республикасының отбасы үлгісіндегі балалар ауылы және жасөспірімдер үйлері туралы заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық

Қазақстан Республикасының отбасы үлгісіндегі балалар ауылы және жасөспірімдер үйлері туралы заңнамасын бұзу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

Ескерту. Заң 37-баппен толықтырылды - ҚР 2011.12.26 N 517-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Қазақстан Республикасының

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК